

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 800 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 қазанда № 17490 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң                            е с к е р т п е с і !

### Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3 және 6-баптарына, "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 7-баптарына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес БҮЙҮРАМЫН:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде оны "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бүйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды ;

5) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.К. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрі

M. Әбілқасымова

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

Д. Абаев

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуроры

К. Қожамжаров

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Каржы министрі

Ә. Смайилов

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрі

Н. Ермекбаев

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік күзет қызметінің

бастығы \_\_\_\_\_ К. Оразқұлов

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы  
"Сырбар" Сыртқы барлау  
қызметінің директорының  
міндетін уақытша атқарушы

\_\_\_\_\_ И. Сартаев

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ К. Мәсімов

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2018 жылғы \_\_\_\_\_

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ К. Қасымов

2018 жылғы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау

министрінің 2018 жылғы

29 тамыздағы

№ 800 бұйрығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің  
және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму  
министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының  
тізбесі**

1. "Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру,  
сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша,  
асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік

жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сөуірдегі № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 11110 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері - зейнетақы төлемдерін алушыларға төленетін зейнетақы жинақтарының төлемдері;

3) жасына байланысты зейнетақы төлемдері - 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай енбек өтілі бар жеке тұлғаларға енбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын ақшалай төлем;

4) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер, тиісті банк операцияларының түрлерін реттеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау жөніндегі уәкілетті органдың лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

5) зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық органдары;

6) зейнетақы мен жәрдемақы алушы (бұдан әрі - алушы) - мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдері және (немесе) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындалған зейнетақы төлемдеріне құқығы бар жеке тұлға;

7) мемлекеттік арнайы жәрдемақылар - 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс өтілі болған адамдарға берілетін ақшалай төлем;

8) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар - бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған, асыраушысынан айрылған кезде берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер;

9) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (бұдан әрі - базалық зейнетақы) - Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

10) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері - Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

11) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары - Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

12) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі - МӘС бөлімшесі) - уәкілетті органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

13) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі - ОДҚ) - Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы аясында белгіленген шарттарда төлемдер түрлерін жүзеге асыруға арналған орталық атқаруыш органның орталықтандырылған дерекқоры;

14) орталық атқаруыш орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) өтініш беруші - базалық зейнетақы және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемін және (немесе) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындауға жүгінетін жеке тұлға;

16) істің электрондық макеті (бұдан әрі - ІЭМ) - Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақы, мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы, мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушы ісінің электрондық макеті;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

18) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) -нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық біріктілген үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірынғай тerezесін білдіретін ақпараттық жүйе.".

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Базалық зейнетақы мен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (бұдан әрі - зейнетақылар), мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақыны (бұдан әрі - жәрдемақылар) алуға құқығы бар адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және сәйкестендіру үшін - жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Оралман мәртебесі бар адамдар зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындауға жүгінген жағдайда сәйкестендіру үшін оралман күәлігі ұсынылады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны тағайындауға өтініш тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне беріледі.

Базалық зейнетақыны тағайындауға өтініш тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе портал арқылы беріледі.

Тұлғалар Заңның 11-бабы 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған кезде бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін алуға, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және базалық зейнетақыны тағайындау үшін жүгінгенде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш береді.

Мүгедектік алғаш рет белгіленген жағдайда адам мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен тұрғылықты жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі - МӘС) бөлімшесіне жүгінеді.

Өтініш қабылданған кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі - ақпараттық жүйелер) алады.

Ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты);

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы, Байқоңыр қаласының тұрғындары

үшін - Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы).

Отінішке сондай-ақ зейнетақылар мен жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті үйымдағы банк шотының нөмірі туралы немесе қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы мәліметтер қоса беріледі.

Іс-әрекетке қабілетсіз, қабілеті шектеулі немесе қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа мұқтаж адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті және осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды олардың заңды өкілдері береді.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша үшінші тұлғалар береді.

Құжаттарды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндігі болса, оларды ұсыну талап етілмейді.";

4-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғага төленген және міндетті зейнетақы жарналары табысынан жүзеге асырылған табыс сомалары туралы анықтама, ал дара кәсіпкерлер, адвокаттар, жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, кәсіпқой медиаторлар үшін - мемлекеттік кірістер органы берген табысы туралы құжат болған кезде";

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. Базалық зейнетақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

1) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарды;

2) неке туралы күәлікті (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы күәлікті немесе неке қио туралы актілік жазбадан үзіндіні (бар болса) ұсынады.

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарға (олардың болуына байланысты) мыналар жатады:

1) осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген, өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар;

2) жұмыс істемейтін аданың жас балаларды бағып-күткен уақытын растайтын құжаттар:

балалардың туу туралы қуәліктері (туу туралы актілік жазбадан үзінді немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

келесі құжаттардың біреуі (олардың болуына байланысты):

балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы күелігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы күелік немесе неке қилю туралы актілік жазбадан үзінді;

балалардың оқу орнын бітіргені туралы аттестат;

балалардың арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не білім алғанын растайтын оқу орнының анықтамасы;

балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын құжат;

балалардың қайтыс болғаны туралы күелік (немесе қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

3) жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді.

4) бірінші топтағы мүгедекті, екінші топтағы жалғызлікті мүгедекті және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қарттарды, он алты жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға), бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден растау кезінде сот шешімін ұсыну талап етілмейді;

5) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар:

еңбек кітапшасы;

әскери билет;

қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы;

қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы;

қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бүйрықтың көшірмелері ұсынылады;

6) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде, әскери қызметшілердің (мерзімді

қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;

7) "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;

8) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай):

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама;

сот шешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмаған жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:

міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің растау анықтамасы (ол осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес ұсынылса);

міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мәлшерін қайта есептеген кезде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырған адвокаттардың, жеке сот орындаушыларының, жекеше нотариустардың, кәсіпқой медиаторлардың, сондай-ақ дара кәсіпкерлердің, шаруа немесе фермер қожалықтары мүшелерінің (қатысушыларының) және басшыларының міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезеңі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының кемінде жылдық сомасын аударған жағдайда бір жылға тең болады.

Егер көрсетілген адамдар енгізген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, онда міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезең енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасына пропорционалды тұрде айқындалады.

Міндettі зейнетақы жарналарын 2006 жылғы 1 шілдеге дейін аударған жағдайда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңіне міндettі зейнетақы жарналары аударылған айдың алдындағы ай есепке алынады.

Егер бір айда жинақтаушы зейнетақы қорларына және (немесе) бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қорына міндettі зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүзеге асырылса, жинақтаушы жүйеге қатысу кезеңі бір айды құрайды.";

29-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"29-1. Базалық зейнетақыны алушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі туралы қосымша құжаттарды ұсынған кезде, базалық зейнетақының мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, ал әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар қатарынан базалық зейнетақыны алушылар үшін осы Қағидаларға 26-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті берген күннен бастап жүзеге асырылады.

Базалық зейнетақының мөлшерін өзгерткен жағдайда еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес 1-ВС-арттыру нысаны бойынша базалық зейнетақының жаңа мөлшері туралы үзінділерді Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолдайды.

2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған базалық зейнетақыны алушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі туралы қосымша құжаттарды ұсынған кезде базалық зейнетақының мөлшерін өзгерту 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтінішпен жүгінген шарттарда жүзеге асырылады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Уәкілетті органның зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау туралы шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 25-күніне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.";

осы тізбеке 1-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

2-қосымша осы тізбеке 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы тізбеке 3-қосымшаға сәйкес 26-1-қосымшамен толықтырылсын.

**2. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.03.2021 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

3. "2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 17 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15052 болып тіркелген; "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне:

1) Заңның 13-бабына сәйкес есептелген 1998 жылғы 1 қантарға дейінгі кезеңге жинақталған еңбек өтілі;

2) міндettі зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең;

3) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін жалпы жиынтығы 12 жыл шегінен аспайтын уақыты;

4) бірінші топтағы мүгедекті, екінші топтағы жалғызлікті мүгедекті және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сондай-ақ сексен жасқа толған қарттарды, он алты жасқа дейінгі мүгедек баланы күту уақыты;

5) әскери қызметтің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметтің, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің кезеңдері;

6) Қазақстан Республикасының және халықаралық ұйымдардың дипломатиялық қызмет қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезеңі;

7) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезеңдері;

8) "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қантардан кейінгі еңбек қызметінің кезеңдері;

9) Заңның 24-бабы 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген адамдардың еңбек қызметінің кезеңдері есепке алынады. 2005 жылғы 1 қантардан бастап көрсетілген кезеңдер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған шарттарда есепке алынады.";

9-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеу кезінде осы Қағидалардың 5-тармағының 3) - 9) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер, Заңның 24 -бабы 2-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген адамдардың еңбек қызметі кезеңдерін қоспағанда, егер олар туралы мәліметтер алушының зейнетақы ісінде болса, зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептеледі.";

1-қосымша осы тізбеге 6-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетақы  
төлемін бюджет қаражаты  
есебінен беру, сондай-ақ жасына  
байланысты зейнетақы  
төлемдерін, мүгедектігі  
бойынша, асыраушысынан  
айрылу жағдайы бойынша  
мемлекеттік әлеуметтік  
жәрдемақыларды, мемлекеттік  
арнайы жәрдемақыларды  
тагайындау және жузеге асыру  
қағидаларына  
1-1-қосымша

Нысан

Ауданның коды \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің \_\_\_\_\_

облысы (қаласы) бойынша департаменті "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры"  
АҚ (бұдан  
әрі - БЖЗК)  
Өтініш Азамат (ша) \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: \_\_\_\_\_

Құжаттың сериясы: \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі: \_\_\_\_\_ кім берген: \_\_\_\_\_

Берілген күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Облысы \_\_\_\_\_ қаласы (ауданы)  
\_\_\_\_\_ ауылы \_\_\_\_\_ көшесі (шоғынауданы)

\_\_\_\_\_ -үй \_\_\_\_\_ -пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атаяу \_\_\_\_\_

Банк шотының № \_\_\_\_\_

Шот түрі: ағымдағы \_\_\_\_\_

Резиденттік: резидент бейрезидент

Маған зейнеткерлік жасқа толуыма байланысты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жасына байланысты зейнетақы

төлемдерін; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін; БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы

төлемдерін) тағайындауды сұраймын.

Бұдан бұрын маған зейнетақы төлемдері тағайындалған / тағайындалмаған (қажет емесі

сызылышта тасталсын).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері төленген кезде БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері

түріндегі менің табысыма БЖЗҚ-дан төлем берілген күніне, бірақ Қазақстан

Республикасының салық заңнамасында белгіленген шектерден асырмай есептелген салықтық

шегерімді қолдануды сұраймын.

Жеке табыс салығымен салық салуға жататын БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері

түріндегі менің табысыма салықтық шегерімнің қолданылуы салықтық шегерімге құқықтың

қолданылу мерзімі ішінде қолданылатынына келісемін.

Төленетін зейнетақы төлемдері мөлшерлерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістерді,

сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс

жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау қажеттілігі туралы хабардармын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P / c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Төлемді тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеуге келісім беремін.

Зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, БЖЗК-дан берілетін

зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде

ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

ұй телефоны \_\_\_\_\_ ұялы телефон \_\_\_\_\_ E-mail \_\_\_\_\_  
өтініш берген

күн: 20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Азамат \_\_\_\_\_

өтініші № \_\_\_\_\_ болып тіркелді.

Құжаттар қабылданған күн 20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (құжаттарды қабылдаған Мемлекеттік корпорация қызметкерінің лауазымы және қолы, тегі,

аты, экесінің аты (бар болса) және лауазымы

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір  
бүйіркітариның тізбесіне  
2-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетакы

төлемін бюджет қаражаты  
есебінен беру, сондай-ақ жасына  
байланысты зейнетакы  
төлемдерін, мүгедектігі  
бойынша, асыраушысынан  
айрылу жағдайы бойынша  
мемлекеттік әлеуметтік  
жәрдемақыларды, мемлекеттік  
арнайы жәрдемақыларды  
тагайындау және жүзеге асыру  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Ауданның коды \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің \_\_\_\_\_

облысы (қаласы) бойынша департаменті

Өтініш Азамат (ша) \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тұған күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: \_\_\_\_\_

Құжаттың сериясы: \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі: \_\_\_\_\_ кім берген: \_\_\_\_\_

Берілген күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Облысы \_\_\_\_\_ қаласы (ауданы)  
\_\_\_\_\_ ауылы \_\_\_\_\_ көшесі (

шағынауданы)

\_\_\_\_\_ -й \_\_\_\_\_ -пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банк шотының № \_\_\_\_\_

Шот түрі: ағымдағы \_\_\_\_\_

Маған, мүгедек балаға, қамқорлықтағы бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге

асыратын адамға (қажетінің асты сыйылсын)

(заны өкілі өтініш берген жағдайда мүгедектіктің санаты, баланың / бала кезінен бірінші

топтағы мүгедектің немесе қамқорлықтағының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туган жылы  
көрсетіледі)

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы

мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны, бала кезінен

бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақыны (қажетінің асты сыйылсын)

тағайындауды сұраймын.

Бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адам туралы мәліметтер:

Жеке сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Туган күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы: \_\_\_\_\_

облысы \_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_

ауылы \_\_\_\_\_ көшесі (шағынауданы ) \_\_\_\_ -үй \_\_\_\_ -пәтер

Банк деректемелері:

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банк шотының № \_\_\_\_\_

Шоттың түрі: ағымдағы \_\_\_\_\_

Бұдан бұрын маған зейнетақы төлемдері немесе жәрдемақы тағайындалған /  
тағайындалмаған

(қажет емесі сыйылып тасталсын).

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы

мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бала кезінен

бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын

барлық өзгерістерді, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан

Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің

өзгергенін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау қажеттілігі туралы хабардармын.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P / c №	Құжаттың атапу	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе

Мүгедектің бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектің бойынша арнаулы

мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бала кезінен

бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы тағайындауға қажетті менің дербес

деректерімді жинауға және өндеге келісім беремін.

Мүгедектің бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектің бойынша арнаулы

мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бала кезінен

бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту)

туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар

етуге келісім беремін. Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу

үшін жеке банк шотын ашқан жағдайда осы шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп

алуға жүргінуіне жол берілмейді.

Өтініш берушінің, бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке қүтімді жүзеге асыратын адамның

байланыс деректері: үй телефоны \_\_\_\_\_ ұялы телефон \_\_\_\_\_ E-mail \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

өтініш берген күні: 20 жылғы " \_\_\_\_\_ "

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

күжаттарды

қабылдаған адамның тегі, аты, экесінің аты (бар болса) және қолы

(қиуо сзызығы)

Азамат \_\_\_\_\_ мүгедектігі бойынша мемлекеттік  
әлеуметтік

жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы  
тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтімі  
бойынша

жәрдемақы тағайындауға өтініші қабылданды. Құжаттар қабылданған күні 20 жылғы " \_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті алу күні өтініш Мемлекеттік  
корпорация

бөлімшесінде тіркелген күннен бастап).

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша  
арнаулы

мемлекеттік жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы, бала  
кезінен

бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне  
әкелетін барлық

өзгерістер, сондай-ақ түрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан  
Республикасының

шегінен тыс жерлерге кету), анкета деректерінің, банк деректемелерінің өзгеруі  
туралы

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау қажеттілігі туралы  
хабардармын.

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сактау  
және әлеуметтік даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша

Мемлекеттік базалық зейнетакы  
төлемін бюджет қаржаты  
есебінен беру, сондай-ақ жасына  
байланысты зейнетакы  
төлемдерін, мүгедектігі  
бойынша, асыраушысынан  
айрылу жағдайы бойынша  
мемлекеттік әлеуметтік  
жәрдемақыларды, мемлекеттік  
арнайы жәрдемақыларды  
тағайындау және жузеге асыру  
қағидаларына  
26-1-қосымша

Нысан

(мемлекеттік базалық зейнетакы төлемін тағайындаған мемлекеттік органның атауы  
)

Өтініш

Азамат (ша) \_\_\_\_\_

(алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тұған күні: \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: \_\_\_\_\_

Құжаттың сериясы: \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі \_\_\_\_\_ кім берген \_\_\_\_\_

Берілген күні \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы: \_\_\_\_\_

облысы \_\_\_\_\_ қаласы (ауданы)

\_\_\_\_\_ ауылы \_\_\_\_\_ көшесі ( шағынауданы)

\_\_\_\_\_ -й \_\_\_\_\_ -пәтер

Мемлекеттік базалық зейнетакы төлемінің мөлшерін өзгерту үшін қосымша  
құжаттарды

қабылдауды сұраймын. Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P / c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді

жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Отініш берушінің байланыс деректері:

телефоны \_\_\_\_\_ ұялы телефон \_\_\_\_\_ E-mail \_\_\_\_\_

Берілген күні 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_

Отініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Азамат (ша) \_\_\_\_\_

өтініші

(құжаттар мен өтініш қабылданған күн)

20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_ қабылданды, № \_\_\_\_\_

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы:

Казақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейір  
бүйрықтарының тізбесіне  
4-қосымша

**ЕскеRTу. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.03.2021 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

Казақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму  
министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейір  
бүйрықтарының тізбесіне  
5-қосымша

**ЕскеRTу. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.03.2021 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

Казақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау  
және әлеуметтік даму

министрінің өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейір  
бұйрықтарының тізбесіне  
6-қосымша  
2018 жылғы 1 шілдеге дейін  
тағайындалған мемлекеттік  
базалық зейнетақы төлемінің  
мөлшерін қайта есептеу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

Коды \_\_\_\_\_

Облысы \_\_\_\_\_

2018 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта

есептеу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қоргау министрлігі

Еңбек, әлеуметтік қоргау және көші-қон комитетінің \_\_\_\_\_ облысы бойынша

департаментінің 20\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_ шешімі

Азамат(ша) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Іс № \_\_\_\_\_

Жынысы \_\_\_\_\_ Туған күні 19\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі \_\_ жыл \_\_ ай \_\_\_\_\_ күн оның ішінде:

1998 жылғы 1 қантарға дейінгі еңбек өтілі \_\_ жыл \_\_ ай \_\_ күн

МЗЖ жүзеге асырылған кезең \_\_ жыл \_\_ ай

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің коэффициенті \_\_\_\_\_

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2018

жылғы 1 шілдеден бастап \_\_\_\_\_  
\_\_\_ теңгені \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

(сомасы жазбаша)

Департамент басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Басқарма (бөлім) басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Маман \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Шешімнің жобасын дайындаған:

Мемлекеттік корпорация филиалының директоры

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік корпорация филиалының маманы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің бастығы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК